

Алты ауыл
ауыз сумен
қамтылады
2-бет



Қылмыскерше
ойлау – маңызды
5-бет



Селт еткізген
сенсациялық
жеңіс
8-бет



ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 22 МАУСЫМ, 2023 ЖЫЛ №69 (23 245)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Құрметті полиция органдарының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!
Күн сайын сіздер азаматтарымыздың қауіпсіздігі мен қоғамдағы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етесіздер. Біз сіздердің қызметке адалдықтарыңызды, азаматтарымызға қауіп төндіретін сын-қатерлерге жедел әрекет етуге бағытталған қызметтеріңізді жоғары бағалаймыз.
Жылдан жылға біздің өңірдің құқыққорғау органдары қылмысқа қарсы күресте жаңа тәсілдерді белсенді енгізуде, бұл олардың жоғары кәсібилігі мен жауапкершілігін көрсетеді. Біз өз тарапымыздан материалдық-техникалық базаны нығайту және цифрлық технологияларды енгізу, соның ішінде жедел басқару орталығына қосылатын бейнекамераларды орнату бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізіп жатырмыз.
Бүгінде қоғамда қылмыстың жаңа түрлері пайда болып, алаяқтар интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерді көбірек пайдалануда. Осыған байланысты құқыққорғау органдары бұл бағытта белсенді жұмыс жасауда. Ел игілігіне қызмет ететін мұндай жұмыстардың жарқын мысалы – Қарағанды облысының полиция департаменті құрған «Киберпол» киберқылмысқа қарсы күрес жөніндегі жаңа бөлімі.
Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, сіздерге зор денсаулық, бақыт, қызметтеріңізге табыс тілейміз! Мереке құтты болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі
Нұркен ҚОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

• ЕРТЕҢ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

Абырой – шекпенге емес, елім деп тер төккенге

Хакім Абай «Тегінде адам баласын адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деп адам баласына берілген, тақ пен бақтан бөлек, оның өміріндегі адами қасиеттердің өлшемін анықтап берді. Ал, Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп оқығанын, санаға тоқып түйсінгенін іске асыруда мінез, өзіндік көзқарас, ұстанымның басым болуы халыққа қызмет етуде басты орында болуы керектігін нақтылады. Осы айтқандардың барлығы мемлекеттік қызметшілердің бойынан табылып жатса, ел алдындағы абыройы асқақтай түсері анық. Сайып келгенде, қоғам үшін орасан жауапкершілікпен қызмет көрсетіп отырған мемлекеттік қызметкердің беделі мен халық үніне құлақ асатын мемлекеттік қызметтің маңызы қандай?

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміз егемендік алғаннан бері стратегиялық міндеттерді тиімді іске асыратын мемлекеттік аппарат құру назардан тыс қалған емес. Соған сай мемлекеттік реформалар жүзеге асып, мемлекеттік қызметтің жаңа үлгілері пайда болды. Соның бірі – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы. «Соңғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау үдерісіне қатысуға ынтасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамама және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұрағына тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Күлтөбедегі, Ұлытаудағы ұлы жиындардың заманауи үлгісі деуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз. Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқ астынан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі» деп жазды Мемлекет басшысы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат мақаласында. Бұл қоғам мен мемлекеттік қызмет арасындағы диалогтың негізі болды. Мемлекеттік қызметтің ашықтығы айқындалды. Халық пен мемлекеттік қызмет өкілдері арасында алтын көпір пайда болды десе де болады. Бір-бірінің пікірімен, көзқарасымен санаспаған, тыңдамаған, естімеген елдің ертені бұлыңғыр екені тарихта дәлелденген де. Мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-



ауқатының артуы, жалпы қоғамның кез келген саласының дамуы алдымен мемлекеттік қызметкердің еңбегіне байланысты. Ол үшін мемлекеттік қызметкердің беделін көтеру басты мәселе. Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда кадрдың мүмкіндігі мол. Ал, бедел қалыптастыруда жоғарыдағы айтылған қос даналық мемлекеттік қызметкер бойынан табылса құба-құп. Жалпылама, «мемлекеттік қызметкер сыпайы, қарапайым адам болуы керек» деп айтып жатамыз.

Бірақ, ұлтқа қызмет мәселесі тұрғанда жатандыны жаттап алып, қайталаудың қажеті жоқ. Мемлекеттік қызметкер бұны шынайы түсінуі, түйсінуі қажет. Олай болмаған жағдайда, жасанды бедел сыр беруі кәдік. Дегенмен, мемлекеттік қызметшіні тұқырта берген де дұрыс емес. Білім, біліктілікпен бірге мемлекеттік қызметте мінез де ауадай қажет. Өйтпеген жағдайда «жуас түйе жүндеуге жақсының» кебі келіп жатқанын да көріп жүрміз.

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мақсатында жылына 20 мыңнан астамы қайта даярлау курстарынан өтеді. Ол мемлекеттік аппараттың 30%-ы.
– Тәуелсіздігіміздің тұғыры орнықты болуы үшін, экономикалық-әлеуметтік дамуы адами капиталға тікелей тәуелді. Ал, адами капиталмен жұмыс жасайтын білікті, білімді мамандар тапшы. Білікті дегендері басқа салада жеке секторда, өндіріс орындарында жұмыс жасап жатыр. Ал, оларды мемлекеттік қызметке тартуда қандай да бір бюрократиялық кедергілер болуда. Оны Мемлекет басшысы да айтқан

болатын. «Халықтың әлеуетін, әл-ауқатын көтеруіміз қажет. Сондықтан да, мемлекеттік аппаратты сервистік аппаратқа бағыттауымыз керек. Мемлекеттік қызметке кіруді жеңілдету керек. Барлығын қайта қарау керек» деп айтқан болатын. Бүгінде біз жеке сектордан мамандарды тартуда жұмыс жасап жатырмыз, – дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбаев.

► 4-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың
II жартыжылдығына арналған
«Ortalyq Qazaqstan»
облыстық газетіне жазылу науқаны
жалғасуда. Газетке жазылуы
«Қазпошта» АҚ пошта байланысының
барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ,
редакцияда ресімдеуге болады



Kaspi.kz
арқылы сүйікті
басылымыңызға жазылыңыз!
«Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» →
«Жазылым төлемі» →
Баспа басылымының атауы

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	
Көшіп-салмақтар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 ТҒ
Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл	
Көшіп-салмақтар мен ұйымдар үшін	6 айға	5919,00 ТҒ
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3111,00 ТҒ

Қарағанды қ., Ермеков к., 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:
Руслан – 8-775-482-22-02
Ботагөз – 8-778-846-00-01
Нұрсұлу – 8-705-902-04-05
Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• ЕРТЕҢ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

Ән салшы, Динара! Әнші подполковник туралы үзік сыр

Табиғатынан тән емес мүлдем екі түрлі құбылыстың үйлескенін көрдіңіз бе?! От пен судың... Ашы мен тәттінің... Қайтпас қайсарлық пен «аспаңнан ақ бұлт түскендей» әдеміліктің... Өр рух пен көргенде еріксіз таңдандырмай қоймайтын нәзіктіктің... Өз басым көрмеппін. Мүлдем керемет екі құбылысты бір арнаға тоғыстыру мүмкін емес тәрізді, әсте. Қателеседі екенбіз. Бәрі мүмкін. Оксюморон дерсіз. Айтпағымыз облыстық полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасының аға инспекторы, полиция подполковнигі Динара Әбдішева нақында... Кереметтік не дейсіз ғой сонда?



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласындағы мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты мұғалімдерінің көзіне түскенде балабақшаға анасы Ләззат жетектеп апарып, жетектеп алып қайтып жүрген шынашақтай Динара небары үш жаста ғана болатын. Қызының ән айтқанда әсерленіп, көзінен ерекше бір жалын байқалатынын сезген анасы да қызын түрлі байқаулардан, фестивальдардан қалдырған емес. Іздегенге – сұраған. Мұғалімдердің өзі қолқа салып, болашағынан үміт күткені тағы бар. Осылайша, 1994 жылы Динара музыкалық мектептің бірінші сынып оқушысы болып шыға келді. Әуелде фортепиано сыныбында оқыған ол жоғары сыныптарда жеке әндерді орындай бастады. Түрлі байқаулар, фестивальдар... Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқаулардың ешқайсысынан жүлдесіз оралмаған Дина-

раның алдында әншіліктің даңғыл жолы ашылғандай еді. Тіпті, тағдырдың өзі оған әнші ретінде оң жолын сілтеп, батасын бергендей. Себебі, Астана қаласындағы «Шабыт» өнер академиясы да сол кезде ашылған еді. Динараның арманы – академияға түсу, әнші болу ғана.
...Сол кезде көзі тірі марқұм әкесі – Ахметжан Тұңғышбаев қатал болса, анасы – Ләззаттың мінезі жібектей еді. Айтпағын қабатпен-ақ ұқтыратын әке бейнесі – қызының әлі күнге көз алдында. Оның үстіне, өмірдің ашысы мен тұщысын көріп, өмір тезінен өткен ата-ананың ақылы мен кеңесі қияға енді ғана қанат қаққан сарыауыз балапан үшін, әлбетте, дұрыс болатыны анық. Дауысында ерекше сикыр бар кенже қызы Динараның әнші ретінде алдына жан салмай, кез келген деңгейдегі байқаулардан тек бірінші орынды ғана иеленіп жүргенін көрседі де қа-

тал әке бір күні ойын күрт өзгертті. Қатты айтқан жоқ, ақылмен жеткізді. «Қызым, адамға тұрақтылық керек. Ол үшін мамандық алу маңызды. Кез келген жерде, кез келген жағдайда әніңді айта аласың. Оны тастамайсың әрі бөгет емес» дегені бар. Әкенің сөзі – заң. Заңгер болуға шешім қабылдады. Жанының қалауы – әншілігін де тастамауға уәде берді өзіне. Мақсат та түбегейлі өзгерді. Қалай да Ішкі істер министрлігінің Бәрібек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына түсу керек. ҰБТ-ны ойдағыдай тапсырып шығу керектігі тағы бар. Еш ойланбастан он жыл бойы білімін алған, талай арманына қанат бітірген мектебін Нығмет Нұрмақов атындағы мамандандырылған мектеп-интернатына ауыстырды. Әншілігі өз алдына, білімде де алдына жан салмаған Динара бұл мектепте де жақсы көрсеткіштер көрсетті. Бірақ, ҰБТ-дан жоғары балл жинап, норматив көрсеткіштері жақсы болса да, академияға түсе алған жоқ, резервке ғана алынды. Бірақ, қатал әкенің қайсар қызы бұған еш налыған жоқ. Қарағанды экономика университетінің заң факультетіне қабылданды. Студенттерімен мақтанатын университет ректоры Ерқара Аймағамбетов қолдау көрсетті. Жастайынан танылып қалған әнші қызы облыста өткен шаралардан қалдырған емес еді сол кезде. Әсіресе, өнеріне қолдау көрсеткен Рымбала Омарбекова апаынан ерекше есіне алады.

► 6-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 489.68

• USD/KZT 448.30

• RUB/KZT 5.33

• CNY/KZT 62.48

Қазақстан Ұлттық Банкінің 21 маусым, 2023 жылғы дерегі бойынша

